

- сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін заңдық жауапкершілік;
- сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша заңнаманың талаптарымен және «Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы» ішкі құжаттарымен және оларды «Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы» қызметінде қолдану тәртібімен танысу;
- сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасау.

9.5 «Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы» жүзеге асыратын ішкі бақылау сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға және анықтауға ықпал етеді. Бұл ретте ішкі бақылау және аудит жүйесінің «Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы» қызметінің нормативтік құқықтық актілердің және «Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы» ішкі нормативтік актілерінің талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету сияқты міндеттерін іске асыру барынша мүдделілік тудырады.

9.6 Әріптестермен өзара іс-қимыл жасау кезінде «Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы» қабылданған қызметті жүргізу дің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары туралы, оның ішінде шарттарға сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды сақтау туралы белгілі бір ережелерді енгізу мүмкіндігі туралы хабарлайды. «Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы» іскерлік қатынастарды адаптациялай, өз беделіне қамқорлық жасайтын, жоғары этикалық стандарттарға қолдау көрсететін, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша өз шараларын іске асыратын, ұжымдық сыйбайлас жемқорлыққа қарсы бастамаларға қатысатын серіктестермен іскерлік қатынастарды орнатуға және сақтауға ұмтылады.

9.7 «Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы» сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру дәрежесі мен жетістіктері туралы, оның ішінде ғаламтор желісіндегі ресми сайтта, тиісті мәліметтерді орналастыру арқылы жүртшылықты хабардар етуді жүзеге асырады.

## **10 Ақпараттандыру**

«Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы» сыйбайлас жемқорлықтан бас тарту туралы ашық мәлімдейді, ақпараттандыру және оқыту жолмен сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің деңгейін көтеруіне ықпал етеді, қызметкерлерін осы саясаттың қағидалары мен талаптарын сақтағанын құттайтын және көтермелейді, осы саясатты еркін қол жеткізуға «Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы» ғаламтор ресурсына орналастырады.

## **11 Қайырымдылық іс-шара мен демеушілік**

«Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы» нақты жобаларынан коммерциялық артықшылықтарды алу мақсатындағы қайырымдылық және демеушілік жобаларды қаржыландырмайды.